



2015ж. қаңтар-тамыз


ҚР Ұлттық Банкі

Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

Негізгі түйіндер

2015 ж. тамызында экономиканың өсу қарқындары баяулады

2015ж. қаңтар-тамызында қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 101,0%-ға дейін баяулады. Көлік және өнеркәсіпте, соның ішінде тау-кен өнеркәсібінде төмендеу байқалған.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ЖІӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

| р/с№ | Макроэкономикалық көрсеткіштер                            | Өлшем бірлігі | 2015ж. қаңтар-тамыз | 2015ж. тамыз | % -бен                 |                 | 2015ж. тамызы 2015ж. шілдесіне |
|------|---|---------------|---------------------|--------------|------------------------|-----------------|--------------------------------|
|      |   |               |                     |              | 2014ж. қаңтар-тамызына | 2014ж. тамызына |                                |
| А    |   | Б             | 1                   | 2            | 3                      | 4               | 5                              |
| 1    | <b>ЖІӨ (2015ж. қаңтар-маусым үшін алдын-ала деректер)</b> | млрд. теңге   | <b>17 091,3</b>     |              | <b>101,7</b>           |                 |                                |
| 2    | Өнеркәсіп   | млрд. теңге   | 9 080,3             | 1 136,3      | 99,4                   | 93,6            | 102,3                          |
| 3    | Ауылшаруашылығы   | млрд. теңге   | 1 058,4             | 254,0        | 102,7                  | 102,2           | 133,2                          |
| 4    | Құрылыс   | млрд. теңге   | 1 549,0             | 278,5        | 104,1                  | 102,0           | 83,2                           |
| 5    | Көлік (жүк айналымы)                                      | млрд. т.км.   | 326,4               | 44,3         | 92,8                   | 88,4            | 101,5                          |
| 6    | Байланыс  | млрд. теңге   | 453,0               | 57,1         | 101,9                  | 96,0            | 99,2                           |
| 7    | Сауда   | млрд. теңге   | 3 877,2             | 549,0        | 102,8                  | 102,7           | 101,6                          |
| 8    | Негізгі капиталға инвестициялар                           | млрд. теңге   | 3 970,2             | 650,9        | 104,1                  | 105,4           | 102,7                          |
| 9    | Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)                            | %             | -                   | -            | 104,9                  | 103,8           | 100,3                          |
| 10   | Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)                             | %             | -                   | 4,9          | -                      | -               | -                              |

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

| №пп  | Макроэкономикалық көрсеткіштер                 | Өлшем бірлігі | 2015ж. қаңтар-шілдесі | 2015ж. шілдесі | % -бен                  |                  | 2015ж. шілде 2015ж. маусымына |
|------|--|---------------|-----------------------|----------------|-------------------------|------------------|-------------------------------|
|      |  |               |                       |                | 2014ж. қаңтар-шілдесіне | 2014ж. шілдесіне |                               |
| А    |  | Б             | 1                     | 2              | 3                       | 4                | 5                             |
| 1    | Сыртқы сауда айналымы                          | млн. долл.    | 45 921,7              | 6 397,3        | 63,8                    | 63,1             | 90,3                          |
| 1.1. | - экспорт                                      | млн. долл.    | 27 789,6              | 3 728,7        | 56,8                    | 58,1             | 87,6                          |
| 1.2. | - импорт                                       | млн. долл.    | 18 132,1              | 2 668,6        | 78,8                    | 71,7             | 94,4                          |
| 2    | Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс | мың теңге     | 438,4                 | 63,7           | 103,5                   | 99,1             | 100,2                         |
| 3    | Орташа айлық номиналды жалақы                  | мың теңге     | -                     | 126,7          | 106,1                   | 100,6            | 101,3                         |
| 4    | Нақты жалақы индексі                           | %             | -                     | -              | -                       | 96,8             | 101,2                         |

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, Қытайдың статистика ұлттық бюросы деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ЖІӨ-жалпы ішкі өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2015 жылдың қаңтар-тамызында тау-кен өнеркәсібіндегі өндіру көлемі мен көлік саласындағы жүкайналым көлемдерінің қысқаруы себебінен экономиканың өсу қарқыны баяулады.

## Оң үдерістер

| р/с №   | 2015ж. қаңтар-тамызы %-бен 2014 қаңтар-тамызына | Факторлар  | Анықтама үшін: 2015 ж. қаңтар-шілдесі %-бен 2014ж. қаңтар-шілдесіне |
|---|---|--|---|
| 1. ЖІӨ (2015ж. қаңтар-маусым үшін алдын-ала деректер) | 101,7   | тау-кен өнеркәсібіндегі өндіру көлемдері мен көліктегі жүк айналымының төмендеуі |   |
| 8-2. Өңдеу саласы                                     | 100,5   | металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдерінің ұлғаюы                            | 100,8   |
| 2. Ауылшаруашылығы                                    | 102,7   | мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы өнімдер шығарудың ұлғаюы            | 102,9   |
| 3. Құрылыс  | 104,1   | құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы                                  | 104,8   |
| 4. Байланыс   | 101,9   | Интернет желісі мен басқа телекоммуникациялық қызметтерінің ұлғаюы               | 102,8   |
| 5. Сауда (бөлшек тауар айналымы)                      | 102,8   | базарлар мен жеке кәсіпкерлер саудасының өсуінің жалғасуы                        | 102,9   |
| 6. Негізгі капиталға инвестициялар                    | 104,1   | меншік қаражаты есебінен негізгі капиталға қаржыландырудың ұлғаюы                | 104,0   |
| 7. Инфляция   | 104,9   | азық-түлік тауарларындағы бағалар деңгейінің төмендеуі                           | 105,0   |

2015 ж. қаңтар-тамызында тау-кен саласы салдарынан өнеркәсіп сферасында төмендеу орын алды. Импорт пен экспорттың қысқаруы сыртқы сауда айналымының төмендеу қарқынының ұлғаюына себепші болды.

## Теріс өзгерістер

| №пп                                   | 2015ж. қаңтар-тамызы %-бен 2014 қаңтар-тамызына | Факторлар   | Анықтама үшін: 2015 ж. қаңтар-шілдесі %-бен 2014ж. қаңтар-шілдесіне |
|---------------------------------------|---|---|---|
| 8. Өнеркәсіп                          | 99,4  | тау-кен саласындағы өндіру көлемдерінің төмендеуі   | 100,2   |
| 8-1. Тау-кен өндіру саласы            | 99,1  | шикі мұнай мен металл рудаларын өндірудің төмендеуі   | 100,2   |
| 9. Көлік (жүк айналымы)               | 92,8  | теміржол көлігіндегі жүк айналымының азаюы  | 93,6  |
| 10. Сыртқы сауда айналымы*            | 63,8  | экспорт пен импорттың төмендеуі   | 63,9  |
| 10-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт* | 56,8  | минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы | 56,6  |
| 10-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт * | 78,8  | жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы   | 80,2  |

\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорттың көлемдері бір айға кешігумен қалыптастырылады. Осыған байланысты, кестедегі мәліметтер сол бағаншада 2015ж. қаңтар-шілдесі %-бен 2014 ж. қаңтар-шілдесіне және оң бағаншада 2015 ж. қаңтар-маусымы %-бен 2014 ж. қаңтар-маусымына келтірілген.




## Жалпы ішкі өнім

## 1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

**2015ж. қаңтар-маусым үшін ЖІӨ 1,7%-ға өсті**

ҰЭМСК-нің алдын-ала деректері бойынша, ЖІӨ 2015ж. қаңтар-маусымында нақты көрсеткіште 1,7%-ға ұлғайып, 17,09 трлн. болды.

**Тауарлар өндірісі 1,3%-ға, ал қызмет көрсету 3,3%-ға өсті.** 2014 жылғы осы көрсеткіштермен салыстырғанда, қызметтерді өндіруінің өсуі 2,1%-ға баяулады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 57,7%-ға дейін өсті.



**Қызмет көрсету секторы, мұнда іс жүзінде барлық негізгі құрамдас бөліктер өсуді көрсетті, 2015ж. қаңтар-маусымында экономиканың драйвері рөлін атқарды**


## 1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ

**2015 жылдың 1 тоқсанында түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ 2,0%-ға ұлғайды**

ҰЭМСК деректері бойынша, 2015ж. 1 тоқсанында ЖІӨ нақты көрсеткіш бойынша 2,0%-ға ұлғайып, 6,89 трлн.тенге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 4,1%-ға өсті, жалпы жинақтау 2014 жылдың тиісті кезеңіне шаққанда 2,0%-ға өсті.

**Өсуге мем. басқару органдарының (4,2%-ға), үй шаруашылықтарының (4,1%-ға), ҮШҚКҰ\* (4,0%-ға) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтау шығыстарының ұлғаюы (2,6%-ға өсу) себепші болды.**

Таза экспорттың үлесі экспорт үлесінің төмендеуіне (15,4%-ға) және тауарлар мен қызметтерінің импорты үлесінің өсуіне орай (4,1%-ға) 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,5%-ға төмендеді.




\* - ҮШҚКҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

## 1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

**2015 жылдың 2-тоқсанының қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы**

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2015ж. 2 тоқсанында ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2014 жылдың тиісті кезеңіне қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (8,1%-ға өсу). Украинада 2015 жылдың 2 тоқсанында ЖІӨ-нің 14,7%-ға төмендеуі байқалды.





## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


**Мұнайдың бағасы**

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етеді. Бір жыл ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 53,9%-ға төмендеді және 2015 жылдың тамызында 47\$-ды құрады. 2015 жылдың қаңтар-тамызында 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда тау-кен өндіру саласында нақты өндіріс көлемдері 0,9%-ға төмендеді, ал ақшалай көрсеткіште 40,9%-ға төмендеді.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемі**

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2015ж. тамызында оның үлесі сәйкесінше 37,4%-ға тең болды.

2015ж. қаңтар-тамызында өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2014ж. сәйкес кезеңіне қарағанда 0,4%-ға төмендеді. 2015 ж. тамызында 2014 жылдың тамызына қатысты өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 7,8%-ға төмендеді. 2015ж. тамызында тау-кен саласының НКІ 2014 ж. тамызымен салыстырғанда 8,3%-ға, ал 2015 ж. шілдесімен салыстырғанда 2,2%-ға төмендеді\*\*.



\*- <http://econ.worldbank.org>

\*\* - <http://stat.gov.kz>: 2015 жылғы қаңтар-маусымдағы өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

**Сыртқы сұраныс**


Қазақстандық экспорттың көп бөлігі Еуроодақ елдеріне (2015 жылдың қаңтар-шілдесіндегі ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 55,6%-ға тең болды), Қытайға (11,3%) және Ресейге (9,8%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2015 жылдың 2-тоқсанында өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда ЕО ЖІӨ-інің өсуі (28) 1,6%-ға тең болды, Қытайда ЖІӨ-нің өсуі 7%-ға тең болды, Ресейде бұл көрсеткіш 4,6%-ға төмендеді.

**Сыртқы сауда айналымы****2015ж. қаңтар-шілде**

2015ж. қаңтар-шілдесінде сыртқы сауда айналымы 36,2%-ға төмендеді (экспорт 43,2%-ға, импорт - 21,2%-ға төмендеді). 2015ж. шілдесінде (2014 ж. шілдесімен салыстырғанда) сыртқы сауда айналымы 36,9%-ға төмендеді (экспорт 41,9%-ға, импорт 28,3%-ға қысқарды).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2015ж. қаңтар-шілдесінде-75,4%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (40,7%) басымдыққа ие.

2015 жылдың қаңтар-шілдесінде экспорт ЕАЭО елдерімен 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 26,9%-ға қысқарды, импорт – 19,6%-ға төмендеді.

**Экономикадағы ақша ұсынысы**

Қазақстанның несие нарығына ықпал ететін сыртқы факторлардың қарсы бағытын ескерткен жөн. Әлемдік экономикада теріс үрдістер байқалуда: Қытай экономикасының баяулауы мен шикізат тауарларындағы дағдарыс дамушы елдерден капиталдың кетуіне әкеліп соғады. Алайда, Қазақстан Үкіметінің қабылданған шаралары экономиканы қолдауға бағытталған: Ұлттық қор активтерінен экономиканы қолдау үшін қаражат бөлінді: банктер арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге 100 млрд. теңге мөлшерінде, бұдан басқа 250 млрд. теңге банктердің жұмыс істемейтін несиелерімен жұмыс істеу үшін "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-тың жарғылық капиталын толықтыруға жіберілді. Осы шаралар қаражаттың игерілуі екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асатынын білдіреді.


**Несилер бойынша берешек\***

2015ж. қаңтар-тамызында несиелендірудің көлемі 6,0%-ға төмендеп, 11,38 трлн. теңгені құрды.

Несиелендірудің жалпы көлемінің төмендеуі жалғасты. Казкоммерцбанк АҚ-ы мамыр айында банкілік операцияларды жүзеге асыруға лицензиясы қайтарылған "БТА Банк" АҚ-ына несиелердің басым бөлігін тапсырғанын айтап кеткен жөн. 2015ж. тамыздың аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда несиелендірудің көлемі 6,6%-ға төмендеген. Жыл басынан бері, 2015 ж. тамыз аяғына қатысты, құрылыс және сауданы несиелендіру тиісінше 21,4% және 4,4% -ға төмендеді. 2015 ж. қаңтар-тамызында жаңа несиелерді берудің көлемі 2014 ж. қаңтар-тамызымен салыстырғанда 6,1%-ға төмендеді.

\*-кезең соңындағы деректер бойынша

\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет






## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

## Тауарлар өндірісі

## 2.1. ӨНЕРКӘСІП


## Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2015 жылдың қаңтар-тамызында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңіне 0,6%-ға төмендеді (2015 жылдың қаңтар-шілдесінде 0,2%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-тамызында - 0,1%-ға төмендеу). Бұған тау-кен өндіру саласындағы шығару көлемдерінің төмендеуі себепші болды.




## Тау-кен өндіру - шығару көлемдерінің төмендеуі

2015 жылдың қаңтар-тамызында тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңіне 0,9%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-шілдесінде - 0,2%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-тамызында - 0,1%-ға төмендеу). Өңделмеген мұнай өндіру 0,4%-ға төмендеді (2015 жылдың қаңтар-шілдесінде - 0,7%-ға өсу), табиғи газ және түсті металдар рудаларын өндіру сәйкесінше 9,5% бен 3,6%-ға өсіп, ал металл рудаларын өндіру 1,9%-ға төмендеді.



## Өңдеу - шығару көлемдерінің өсу қарқындарының баяулауы


2015ж. қаңтар-тамызында сапа бойынша ұлғаюу 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,5%-ды құрды (2015 ж. қаңтар-шілде үшін - 0,8%-ға ұлғаю). Асыл және түсті металдар өндірісінің өсуі 25,4%-ды құрып, металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 15,2%-ға ұлғайды (2015 жылдың қаңтар-тамызында өңдеу өнеркәсібіндегі оның үлесі 35,4%-ды құрады).



## 2.2. Құрылыс

## Өсу қарқындарының баяулауы

2015 жылдың қаңтар-тамызында жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,1%-ға өсті. 2015 ж. қаңтар-тамызында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі сәйкесінше 20,7% бен 3,5%-ға төмендеді. Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 7,4%-ға ұлғайып, құрылыс жұмыстары құрамындағы бұлардың үлесі 87,5%-ға тең болды.






**2.3. Ауылшаруашылығы**

**Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдерінің өсуінің жалғасуы**

Ауылшаруашылығы секторы 2015 жылдың қаңтар-тамызында 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 2,7%-ға өсті (2015 жылдың қаңтар-шілдесінде - 2,9%-ға өсу, 2014 жылдың қаңтар-тамызында - 2,5%-ға өсу). Өсуге 2014 жылдың тиісті көрсеткіштерімен салыстырғанда мал шаруашылығындағы өнім көлемдерінің 3,1%-ға және өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдерінің 1,6%-ға ұлғаюы себепші болды.




**Қызмет көрсету саласы**

**2.4. Сауда**

**Тауар айналымындағы өсу үрдісінің сақталынуы**


2015ж. қаңтар-тамызында бөлшек тауар айналымы 2014ж. қаңтар-тамызымен салыстырғанда 2,8%-ға ұлғайды (2015ж. қаңтар-шілдесі - 2,9%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-тамызы - 12,4%-ға өсу). Негізгі итермелеуші фактор - жеке кәсіпкерлердің сауда көлемінің 6,6%-ға өсуі, бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі - 47,1%.



**2.5. Көлік**

**Жүк айналымы көлемінің азаюы**


2015ж. қаңтар-тамызында көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2014ж. қаңтар-тамызымен салыстырғанда 7,2% азаюды көрсетті, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 15,5%-ға азаю себепінен болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 45,5%).



**2.6. Байланыс**

**Өсудің баяулауы**

2015ж. қаңтар-тамызында байланыс қызметіндегі көлемінің ұлғаюы 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,9%-ды құрады (2015ж. қаңтар-шілдесінде - 2,8%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-тамызында - 9,3%-ға өсу). Өсудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 28,3 % болатын интернет желісінің қызметтерінен түскен кірістердің 19,7%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 14,8 % болатын өзге телекоммуникациялық қызметтер көлемінің 35,3 %-ға өсуі.






### 3. Инфляция

#### 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

##### Инфляциядағы өсу қарқындарының баяулауы

2015 жылдың қаңтар-тамызында инфляцияның деңгейі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,9%-ға тең болды, бұған азық-түлік тауарлары бағаларының төмендеуі себепші болды. 2015ж. тамызында инфляция өсуінің қарқыны жылдық есеппен алғанда 3,8%-ға дейін баяулады (2014ж. тамызында - 7,1%), айлық өсу 0,3%-ды құрады. 2015ж. тамызында азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 0,2%-ға төмендеді.




### 4. Инвестициялар

#### 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

##### Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2015ж. қаңтар-тамызында инвестициялардың өсу қарқыны 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,1%-ға дейін артқан (2015ж. қаңтар-шілдесінде - 4,0%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-тамызында - 5,7%-ға өсу). Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, бұлардың үлесі 59,3%-ды құрады.




### 6. Еңбек нарығы

#### 6.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

##### Жұмыссыздық деңгейі өзгерген жоқ

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі көрсеткішке дейін төмендеді және 12 ай бойы 4,9-5,1% шекте қалып отыр. 2015 жылдың тамызында жұмыспен қамтылғандар саны 1,7%-ға азайып, ал жұмыссыздар саны 4,6%-ға төмендеді. Жұмыссыздық 4,9% деңгейінде қалды.



#### 6.2. Халықтың кірістері

##### Халықтың нақты кірістерінің төмендеуі

2015 жылдың тамызында орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2014 ж. тамызымен салыстырғанда 2,6%-ды құрады, алайда нақты жалақы сәйкес кезеңінде 1,2% төмендеуді көрсетті. Бір айға кешігумен қалыптыстырылатын нақты ақшалай кіріс көрсеткіштерінің төмендеуі орын алған - 2015ж. шілдесінде 4,6%-ға төмендеу.

